



Бекітілген  
Басшы  
2023 ж.

**Тәрбие жұмысы жоспары**  
2023-2024 оқу жылына арналған

**Педагог: Молдашева К.Ө**  
**Сыныбы: 3 «А»**

## ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

### **«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

### **Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

### **Күтілетін нәтиже:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

# Тәрбие құндылықтары

Ұлттық  
мүдде

Ар-ұят

Талап

Қазақстан мемлекеттілігін  
нығайтуға атсалысу

Қазақстан мүддесіне  
қызмет етуге ұмтылу

Қазақстанның  
оңтайлы имиджін  
қалыптастыруға  
белсенді үлес  
қосу

Қоғам игілігі  
үшін қызмет ету

## ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

Ұлттық мұраға  
ұқыпты қарау

Қазақстанның  
қауіпсіздігін  
қамтамасыз  
етуге дайын болу

Қазақ тілінің қолдану  
аясын кеңейту

Ұлттық мәдениетті  
дәріптеу

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл;
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді;
- Елінің тарихын құрметтейді;
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді;
- Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайды.

Академиялық адалдық  
қағидатын қолдау

Әдеп нормаларын ұстану

Адал еңбекті  
құрметтеу

Шешім  
қабылдай білу,  
жауапкершілікті  
сезіну

Сөзіне берік,  
ісіне адал болу

## АР-ҰЯТ

Достарына,  
сыныптастары  
на, отбасы  
мүшелеріне  
камкор болу

Отбасының, өз  
ортасының  
абыройын асыру

Халқына адал қызмет ету

Өзін отбасының,  
сыныптың, мектептің,  
қоғамның, Отанның бір  
мүшесі екенін сезіну

- *Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;*
- *Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;*
- *Достарын, сыныптастарын сыйлайды;*
- *Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді;*
- *Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;*

Сыни және креативті ойлау

Салауатты өмір салтын ұстану

Жеке және командамен жұмыс істей білу

Дұрыс қарым-қатынас орната білу

Білуге, жаңаны тануға күштар болу

Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету

Физикалық белсенді болу

Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау

## ТАЛАП

- *Жан мен тән тазалығын сақтайды;*
- *Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;*
- *Қоршаған орта тазалығын сақтайды;*
- *Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылығы бар;*
- *Ізденімпаз, жасампаз тұлға.*

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындау мерзімі
<b>ҚЫРКҮЙЕК –БІЛІМ АЙЫ</b>				
1	1 қыркүйек-білім күні «Мектеп-мейірім мекені»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	01.09.2023ж
2	«Сәлем, жаңа оқу жылы» <b>ЖЖЕ Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері.</b>	Сынып сағаты	Сынып жетекші	6.09
3	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші	13.09
4	«Адалдық – атадан қалған мұра» ұрпақтар сабақтастығын насихаттау («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Ата-аналар жиналысы	Сынып жетекші	14.09.
5	«Адал азамат – әділетті Қазақстан» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші	20.09
6	«Ізгілікке қалам тартқан... жас ғұмыр» («Балалар кітапханасы» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші	27.09

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындау мерзімі
<b>ҚАЗАН-АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ</b>				
1	Ұстаз - ғұмыр, ұстаз - нұр	Сынып сағаты	Сынып жетекші	5.10
2	«Бір отбасы-бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы)	Мектепшілік байқау	Сынып жетекші	9-13.10.2023ж



3	«Бес нәрсеге асық бол...» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы») <b>ЖЖЕ Қай жерлерден жолдан өтуге болады.</b>	Сынып сағаты	Сынып жетекші	4.10
4	“Ертегілер еліндегі менің сүйікті кейіпкерім” («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші	11.10
5	25 қазан Республика күні " Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстаным!	Сынып сағаты	Сынып жетекші	18.10
6	Әкем айтқан нақыл сөз...	Ашық тәрбие сағаты	Сынып жетекші	20.10
7	Баланың бас ұстазы ата-ана	Ата-ана жиналысы	Сынып жетекші	26-27.10. 2023ж

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындау мерзімі
		<b>ҚАРАША–ПОЭЗИЯ АЙЫ</b>		
1	«Әкеге-ізет, анаға –құрмет» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші	8.11
2	«Оян,ар мен адалдық» («Еңбегі адал жасөрен» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші	15.11
3	«Әлемді бағындырған жерлесіміз» (Ұлттық мектеп лигасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші	22.11
4	«Ұлттық ойындар»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	29.11

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындау мерзімі
---	---	---------------	---------	-----------------

		<b>ЖЕЛТОҚСАН–ҚАЗАҚСТАН-ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»</b>		
1	«Отаншылдық -кастерлі ұғым» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші	6.12
2	«Тәуелсіз елім - Қазақстан» («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші	13.12
3	«Мемлекеттік рәміздер-мақтанышым» <b>ЖЖЕ Жол жүру белгілері және таңбалары</b>	Сынып сағаты	Сынып жетекші	20.12
4	Бір ауыз сөз...	Сынып сағаты	Сынып жетекші	27.12
5	«Отбасы–тәрбиенің алтын бесігі» («Тоғыз айға тоғыз шара»жобасы)	Ата-ана жиналысы	Сынып жетекші	

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындау мерзімі
1	Туған өлке ақындарының шығармалары («Жеткіншектің Жеті жарғысы»жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші	10.01.2024
2	«Мен оқыған бір ертегі» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші	17.01
3	«Мектептегі мінез-құлық ережелері» («Жеткіншектің Жеті жарғысы»жобасы)	Сыныптан тыс іс-шара	Сынып жетекші	24.01
3	«Қалдықтарға екінші өмір сыйлайық»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	31.01

	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы		
--	-------------------------------	--	--

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындау мерзімі
<b>АҚПАН–ОҚУҒА ҚҮШТАРЛЫҚ АЙЫ</b>				
1	«Мақал–сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» (Балалар кітапханасы жобасы) «Үйрен жақсы едептен» («Ата-аналар мектебі») жобасы	Сынып сағаты	Сынып жетекші	7.02
2	«Қазақ даласының ұлы тұлғалары» («Балалар кітапханасы») жобасы	Сынып сағаты	Сынып жетекші	14.02
3	«Тарихқа тағзым»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	21.02
4	«Сен және Заң»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	28.02

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындау мерзімі
<b>НАУРЫЗ–ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ АЙЫ</b>				
1	«Мың алғыс, ...»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	6.03
2	«Кітап – досым, ақылшым» («Балалар кітапханасы») жобасы <b>ЖЖЕ Жарақаттанғанда көрсетілетін медициналық көмек</b>	Сынып сағаты	Сынып жетекші	13.03
3	«Адалдық-адамдықтың белгісі»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	20.03

	(«Жеткіншектің жарғысы» жобасы)	Жеті		
3	«Атадан-өсиет, анадан-қасиет» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Ата-аналар жиналысы	Сынып жетекші	20.03.2024ж

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындау мерзімі
	<b>СӘУІР-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙЫ</b>			
1	«Отбасымен бірге өткізген қуанышты күндерім!» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші	3.04
2	«Өрле Қазақстан» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып жетекші	10.04
3	«Табиғат тамашалары» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) <b>ЖЖЕ Сен - велосипедші</b>	Сынып сағаты, серуен	Сынып жетекші	17.04
4	Мемлекеттік рәміздер - ұлттық мақтанышымыз	Сынып сағаты	Сынып жетекші	24.04

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындау мерзімі
<b>МАМЫР-БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ</b>				
1	«Ұлттар достастығы» («Балалар кітапханасы»)	Сынып сағаты	Сынып жетекші	8.05
2	«Менің кіші отанымның картасы» («Ұлттық мектеп лигасы»)	Сынып сағаты	Сынып жетекші	15.05
3	«Пайдалы кеңестер, жағымсыз әдеттер»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	22.05
4	«Бақытты балалық шақ» <b>ЖЖЕ Қорытынды сабақ.</b>	Сынып сағаты	Сынып жетекші	23.05
5	Халықаралық отбасы күні «Ата-ана FEST»	Ата-аналар жиналысы	Сынып жетекші	15.05. 2024ж